# САЗАНБАЙ БАТЫР САНАМЫЗДА САҚТАЛАДЫ

Аласапыран, алмағайып ХҮІІІ-ғасыр заманында қазақ халқының басына түскен қасірет қауіпті болды. Ұлттың тарих бетінен өшіп кетуі де таразыға түсті. Сол заманда жоңғар шапқыншылығынан азат ету жолында жалпақ жұрттың басын қосып, басқыншыларға қасқайып қарсы тұрып, елін, жерін қорғай алатын ортадан оқтай суырылып шыққан баһадүр батырлар мен ақылман би-шешендеріміздің атқарған жанқиярлық ерліктері мен іс-шаралары елдің бостандығын қорғап қалды.

Осындай ерлердің қатарына Шақшақұлы Жәнібек, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Уақ Баян, Қарашор Сеңкібай, Тарақты Байғозы, Әлтеке Жидебай, Керней Жарылғап, Сарым Дербісалы, т.б батырлардың көрсеткен ерліктері кейінгілерге салып кеткен дара жолдарын Сазанбай сынды батырлар жалғастырғанын тарихи деректерден білеміз.

Сазанбай батырдың атын шығарған ірі шайқастардың бірі 1771 жылдың шілде айында Сарыарқаның Бетпақдалада болған тарихта "Шаңды жорық" шайқасы деген атпен енген "Қалмаққырған" шайқасы. Сазанбай батырдың бұл шайқаста көрсеткен ерлігі туралы тарихшыларымыз танымды деректермен біздерге жеткізіп жатыр. Әлі де болса зерттеп, зерделеп айтатындары болмақ.

Сазанбай батырдың ұрпағы өсіп-өнген. Шет ауданында Бұғылы, Тағылы тауларының саясында атқарған игі істері мен еңбегінің арқасында қалың жұртқа өте танымал өмірден өткен азаматтар болған. XIX-XX ғасырларда ғұмыр кешкен Еспай, Бөде, Серік сынды әкелеріміз арттарына өшпестей ізі мен ісін қалдырды. Кенесары, Ағыбай, Саржан бабаларымыздың азаттық жолыңдағы күресіне белсене ат салысты. Елді басқаруда халықтың ризашылығы мен алғысына ие бола алды.

Ал, бүгінгі күні Сарыарқаның төсінде орын тепкен Үңірек ауылындағы "Қалпақтау" басына қойылған Сазанбай батырдың ат үстіндегі монумент-мүсіні батырдың атын ұлықтайтың тарихи тағылым. Ол келешек ұрпақтың намысын оятатын, жігерін жанитын үлгі-өнеге. Сазанбай батыр санамызда сақталады. Есімі қазақ халқының рухы.

Ұрпағы мәңгілікке жалғассын!

**Боранбай ЖҰМКЕҰЛЫ,**
**Шет ауданының Құрметті азаматы, "Құрмет" орденінің иегері.**

**Шет шұғыласы,2023.- 31 тамыз (№35).-3 б.**